ISSN 3107-3328 (Print)
ISSN 3107-3336 (Online)

ҒЫЛЫМИ ИННОВАЦИЯЛАР

ғылыми журналы

№ 4 (3)
2026



От мудрости наставника — к достижениям исследователей.

Доктор педагогических наук, профессор Чекалева Надежда Викторовна с исследователями, успешно завершившими обучение в аспирантуре ОмГПУ под её научным руководством.

научный журнал
НАУЧНЫЕ ИННОВАЦИИ
scientific journal
SCIENTIFIC INNOVATIONS

eLIBRARY.RU
StrikePlagiarism.com
ORIGINALITY IS A VALUE

«ҒЫЛЫМИ ИННОВАЦИЯЛАР» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ «НАУЧНЫЕ ИННОВАЦИИ»
«SCIENTIFIC INNOVATIONS» SCIENTIFIC JOURNAL

Журнал 2025 жылдан бастап шығады
Журнал издается с 2025 года
The journal is published from 2025

Меншік иесі: «Неотехнология және қауіпсіздік ғылыми-зерттеу институты» ЖМ
Собственник: ЧУ «Научно-исследовательский институт Неотехнологий и Безопасности»
Owner:ChU «Research Institute of Neotechnology and Security»

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген,
2025 жылы 4 карашадағы № KZ06VPY00133490 куәлік
Журнал зарегистрирован в Комитете информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан,
свидетельство №KZ06VPY00133490 от 4 ноября 2025 года.
The journal is registered with the Information Committee of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan, certificate
№ KZ06VPY00133490 dated November 4, 2025

Журнал тоқсан сайын шығарылады (жылына 4 рет)
Журнал издаётся ежеквартально (4 раза в год)
The magazine is published quarterly (4 times a year)

Редакцияның мекен-жайы: 150000, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Бостандық көшесі, 51
Адрес редакции: 150000, Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область, г. Петропавловск, ул. Бостандыкская, 51.
Editorial office: 150000, Republic of Kazakhstan, North Kazakhstan region, Petropavlovsk, st. Bostandyk, 51

Журнал сайты: www.nii-ntb.com
E-mail: jornal@nii-ntb.com
Редакция телефоны: +7 (7152) 33-44-35, +7 778 569 19 61, +7 707 279 85 75

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ
EDITORIAL BOARD

Бас редакторлар / Главные редакторы / Chief editors

Логвиненко Денис Викторович, *педагогика ғылымдарының кандидаты*
Логвиненко Денис Викторович, *кандидат педагогических наук*
Denis Viktorovich Logvinenko, *candidate of pedagogical sciences*

Ғылыми редакторлар / Научные редакторы / Scientific editors

Мақажанова Жұлдыз Мақсұтқызы, *философия докторы (PhD)*
Макажанова Жулдыз Максутовна, *доктор философии (PhD)*
Makazhanova Zhuldyz Maksutovna, *PhD*

Редакциялық алқа / Редакционная коллегия / Editorial board

Чекалёва Надежда Викторовна, *Ресей Білім беру Академиясының мүше-корреспонденті, педагогика ғылымдарының докторы*
Чекалёва Надежда Викторовна, *член-корреспондент Российской Академии образования, доктор педагогических наук*
Chekaleva Nadezhda Viktorovna, *corresponding member of the Russian Academy of education, doctor of pedagogical sciences*

Савинкин Виталий Владимирович, *техника ғылымдарының докторы*
Савинкин Виталий Владимирович, *доктор технических наук*
Savinkin Vitaly Vladimirovich, *doctor of technical sciences*

Жәмпейісов Ғазиз Нұрмұратұлы, *философия докторы (PhD)*
Жампеисов Газиз Нурмуратович, *доктор философии (PhD)*
Zhampeisov Gaziz Nurmuratovich, *Ph.D*

Сүлеймен Ерлан Мэлсұлы, *химия ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD)*
Сүлеймен Ерлан Мэлсұлы, *кандидат химических наук, доктор философии (PhD)*
Suleimen Erlan Melsuly, *PhD in Chemistry*

Шапашев Мұрат Асқаруұлы, *философия докторы (PhD)*
Шапашев Мурат Аскарович, *доктор философии (PhD)*
Shapashev Murat Askarovich, *Ph.D*

Батаева Фроза Асанқызы, *филология ғылымдарының кандидаты*
Батаева Фроза Асановна, *кандидат филологических наук*
Bataeva Froza Asanovna, *candidate of philology*

Горковенко Людмила Александровна, *экономика ғылымдарының кандидаты*
Горковенко Людмила Александровна, *кандидат экономических наук*
Gorkovenko Lyudmila Aleksandrovna, *Candidate of Economic Sciences*

Кусаинова Айсұлу Әмірханқызы, *философия докторы (PhD)*
Кусаинова Айсулу Амирхановна, *доктор философии (PhD)*
Kusainova Aisulu Amirkhanovna, *Ph.D*

Графикалық дизайнер / Графический дизайнер / Graphic designer

Дергалёва Наталья Владимировна,
Дергалёва Наталья Владимировна,
Dergaleva Natalia Vladimirovna,

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENTS

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЦИФРОВИЗАЦИЯ И ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ
DIGITALIZATION AND INFORMATION TECHNOLOGY

АТЫГАЕВ Ж. Ж. Анализ применения искусственных нейронных сетей для прогнозирования задержек авиарейсов на основе метеорологических условий 9

ТУМЕНОВ А. С., АТЫГАЕВ Ж. А. Цифровая экосистема научно-издательской деятельности: модель интеграции участников и процессов на примере платформы qazpress 15

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
ИННОВАЦИОННАЯ ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ
INNOVATIVE PEDAGOGY AND EDUCATIONAL TECHNOLOGIES

АБИЛГАЛАМОВА К. К. Қазақ тілін оқытуда кейс-технологияны қолдану: курсанттардың шешім қабылдау дағдылары мен қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетке кәсіби даярлығын дамыту 29

ANTSIBOR Y. English as a means of developing a shared communicative space in a multicultural group of cadets 35

АТЫГАЕВ Ж. А. Индивидуализация научно-методического сопровождения преподавателей военного вуза на основе диагностики профессиональных затруднений 44

ИМАНОВ А. К., АЛИБЕКОВ А. Т. Оптимизация методов формирования оперативно-тактического мышления у будущих офицеров 58

MAKHMETOVA A. T., YESHTAEVA A. Z. Innovative technologies for foreign language teaching at a military university as a means of developing professional competencies of future officers 68

NURLYBAI D. English language as a means of developing learners' communicative abilities in the system of modern education 80

ЧЕКАЛЕВА Н. В., ЛОРЕНЦ В. В. Мотивация и востребованность образовательных программ у абитуриентов педагогического университета с учетом показателей в практике наставничества 88

ШАКИРБАЕВА Ж. Д. Әскери жоғары оқу орнында жасанды интеллект құралдарын қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері мен тәуекелдері 96

ҚОЖАМҰРАТ С. Н., МАКАЖАНОВА Ж. М. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту: теориялық аспектілері 105

КЕШЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ
КОМПЛЕКСНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ И УСТОЙЧИВОСТЬ
INTEGRATED SAFETY AND SUSTAINABILITY

ЖАУМИТОВА М. Д. Кадровая преемственность как фактор повышения эффективности подготовки специалистов в сфере мобилизационной подготовки 116

РЫСКУЛБЕКОВ А. И., ЖАМПЕИСОВ Г. Н. Жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде жеке құрамның моральдық-психологиялық тұрақтылығы мәселелері 125

КОНВЕРГЕНЦИЯ ЖӘНЕ ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР
КОНВЕРГЕНЦИЯ И МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ
CONVERGENCE AND INTERDISCIPLINARY RESEARCH

AGATAYEVA D. The didactic potential of captioned films and music videos for developing students’ foreign language speaking skills 136

БЕКТИБАЕВА А. Н. Использование английских образных наименований человека в речи в современном мире 143

ИСКАКОВ Е. М., БЕКМАГАМБЕТОВ А. Н., ТУЛЕМБАЕВА А. Н., КАРМЫСОВА Г. А., ЖЕКСЕНБИНОВ Б. Н. Қарулы Күштердің имиджін нығайтуда ARMIA.KZ цифрлық сервисін пәнаралық қолдану 149

ӘОЖ: 004.738.52
ҒТАМР: 78.19.01

ИСКАКОВ Е.М.[1], БЕКМАГАМБЕТОВ А.Н.[2], ТУЛЕМБАЕВА А.Н.[3], КАРМЫСОВА Г.А.[4], ЖЕКСЕНБИНОВ Б.Н.[5]

[1] Candidate of Pedagogical Sciences, Доцент кафедры воинского обучения и воспитания факультета всестороннего обеспечения, Республиканское государственное учреждение «Национальный университет обороны Республики Казахстан» Министерства обороны Республики Казахстан, Астана, Республика Казахстан, ORCID: 0000-0003-4621-9844

[2] әскери ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), полковник, Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері кафедрасының профессоры, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті» республикалық мемлекеттік мекемесі, Астана қ., Қазақстан Республикасы. ORCID: 0009-0007-0038-7195, E-mail: oraladil_bek@mail.ru

[3] экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бас инспекторы – көмекшісі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Астана қ., Қазақстан Республикасы. ORCID: 0000-0001-5360-6581, E-mail: Tulembaeva@mail.ru

[4] экономика және қаржы магистрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс университетінің Әскери ғылыми-зерттеу орталығы Ғылыми ақпарат және инновациялар бөлімінің аға ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан Республикасы. ORCID: 0009-0003-9580-9557, E-mail: gulmira.alimbekovna@gmail.com

[5] «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс университетінің Әскери ғылыми-зерттеу орталығы Әскери өнер ғылыми-зерттеу институтының Әскери тарих пен педагогиканы зерттеу басқармасының аға ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан Республикасы. ORCID: 0009-0005-3549-2951, E-mail: professor69@nuo.edu.kz

ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ ИМИДЖІН НЫҒАЙТУДА ARMIA.KZ ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСІН ПӘНАРАЛЫҚ ҚОЛДАНУ

Андатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің имиджін нығайтуда ARMIA.KZ цифрлық сервисін пәнаралық қолдану мәселесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – сервистің пәнаралық имидждік әлеуетін, функционалдық құрылымын және оны қоғамдық сеніммен байланыстыратын ұйымдастырушылық шарттарды негіздеу. Материалдық негізді гранттық жоба құжаттары, ARMIA.KZ бойынша техникалық және мониторингтік материалдар, сондай-ақ әскери қызмет, имидж және әскери-педагогикалық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі жарияланымдар құрады. Жүйелік, әлеуметтік-мәдени, қызметтік және цифрлық-аналитикалық тәсілдер қолданылды. Нәтижесінде ARMIA.KZ сервисінің имидж қалыптастырушы моделі ұсынылып, оның ақпараттық, консультациялық, кері байланыс, редакциялық-модерациялық және аналитикалық компоненттері айқындалды. Сервистің іздеу жүйелеріндегі алғашқы көрсеткіштері оның жастар мен қоғамға бағытталған мобильді коммуникация арнасы ретіндегі әлеуетін көрсетеді.

Түйінді сөздер: ARMIA.KZ, Қарулы Күштердің имиджі, пәнаралық қолдану, цифрлық сервис, қоғамдық сенім, әскери қызмет, ақпараттық-коммуникациялық жұмыс, жастар, кері байланыс, жасанды интеллект.

ИСКАКОВ Е.М.[1], БЕКМАГАМБЕТОВ А.Н.[2], ТУЛЕМБАЕВА А.Н.[3], КАРМЫСОВА Г.А.[4], ЖЕКСЕНБИНОВ Б.Н.[5]

[1] Candidate of Pedagogical Sciences, Доцент кафедры воинского обучения и воспитания факультета всестороннего обеспечения, Республиканское государственное учреждение «Национальный университет обороны Республики Казахстан» Министерства обороны Республики Казахстан, Астана, Республика Казахстан, ORCID: 0000-0003-4621-9844

[2] кандидат военных наук, ассоциированный профессор (доцент), полковник, профессор кафедры войск противовоздушной обороны, Республиканское государственное учреждение «Национальный университет обороны Республики Казахстан» Министерства обороны Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан. ORCID: 0009-0007-0038-7195, E-mail: oraladil_bek@mail.ru

[3] доктор экономических наук, профессор, главный инспектор – помощник Министра обороны Республики Казахстан, Министерство обороны Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан. ORCID: 0000-0001-5360-6581, E-mail: Tulembaeva@mail.ru

[4] магистр экономики и финансов, старший научный сотрудник отдела научной информации и инноваций военного научно-исследовательского центра Национального университета обороны Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан. ORCID: 0009-0003-9580-9557, E-mail: gulmira.alimbekovna@gmail.com

[5] доктор философии (PhD) по специальности «Педагогика и психология», профессор, старший научный сотрудник управления исследования военной истории и педагогики научно-исследовательского института военного искусства военного научно-исследовательского центра Национального университета обороны Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан. ORCID: 0009-0005-3549-2951, E-mail: professor69@nuo.edu.kz

МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОЕ ПРИМЕНЕНИЕ ЦИФРОВОГО СЕРВИСА ARMIA.KZ В УКРЕПЛЕНИИ ИМИДЖА ВООРУЖЕННЫХ СИЛ

Аннотация. В статье рассматривается междисциплинарное применение цифрового сервиса ARMIA.KZ как прикладного информационно-коммуникационного инструмента, направленного на укрепление имиджа Вооруженных Сил Республики Казахстан. Цель исследования – обосновать междисциплинарный имиджевый потенциал сервиса, его функциональную структуру и организационные условия связи с общественным доверием. Материальную основу составили документы грантового проекта, технические и мониторинговые материалы по ARMIA.KZ, а также публикации по вопросам воинской службы, имиджа и военно-педагогического обеспечения. Использованы системный, социокультурный, деятельностный и цифрово-аналитический подходы. В результате предложена имиджформирующая модель сервиса ARMIA.KZ, определены его информационный, консультационный, обратный, редакционно-модерационный и аналитический компоненты. Первые поисковые показатели сервиса показывают его потенциал как мобильного канала коммуникации, ориентированного на молодежь и общество.

Ключевые слова: ARMIA.KZ, имидж Вооруженных Сил, междисциплинарное применение, цифровой сервис, общественное доверие, воинская служба, информационно-коммуникационная работа, молодежь, обратная связь, искусственный интеллект.

ISKAKOV Y.M.[1], BEKMAGAMBETOV A.N.[2], TULEMBAYEVA A.N.[3], KARMYSSOVA G.A.[4], ZHEXENBINOV B.N.[5]

[1] Candidate of Pedagogical Sciences, Доцент кафедры воинского обучения и воспитания факультета всестороннего обеспечения, Республиканское государственное учреждение «Национальный университет обороны Республики Казахстан» Министерства обороны Республики Казахстан, Астана, Республика Казахстан, ORCID: 0000-0003-4621-9844

[2] Candidate of Military Sciences, Associate Professor, Colonel, Professor of the Department of Air Defence Troops, Republican State Institution "National Defence University of the Republic of Kazakhstan" of the Ministry of Defence of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan. ORCID: 0009-0007-0038-7195, E-mail: oraladil_bek@mail.ru

[3] Doctor of Economic Sciences, Professor, Chief Inspector – Assistant to the Minister of Defence of the Republic of Kazakhstan, Ministry of Defence of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-5360-6581, E-mail: Tulembaeva@mail.ru

[4] Master of Economics and Finance, Senior Research Fellow of the Department of Scientific Information and Innovations of the Military Research Center of the National Defence University of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan. ORCID: 0009-0003-9580-9557, E-mail: gulmira.alimbekovna@gmail.com

[5] Doctor of Philosophy (PhD) in Pedagogy and Psychology, Professor, Senior Research Fellow of the Military History and Pedagogy Research Department of the Military Art Research Institute of the Military Research Centre of the National Defence University of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan. ORCID: 0009-0005-3549-2951, E-mail: professor69@nuo.edu.kz

INTERDISCIPLINARY APPLICATION OF THE ARMIA.KZ DIGITAL SERVICE IN STRENGTHENING THE IMAGE OF THE ARMED FORCES

Annotation*.* The article examines the interdisciplinary application of the ARMIA.KZ digital service as an applied information and communication tool aimed at strengthening the image of the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan. The purpose of the study is to substantiate the interdisciplinary image-building potential of the service, its functional structure, and the organizational conditions linking it with public trust. The source base includes documents of the grant-funded project, technical and monitoring materials on ARMIA.KZ, and publications on military service, image-building, and military-pedagogical support. The study applies systemic, sociocultural, activity-based, and digital-analytical approaches. As a result, an image-building model of ARMIA.KZ is proposed, and its informational, advisory, feedback, editorial-moderation, and analytical components are defined. The initial search performance indicators of the service demonstrate its potential as a mobile communication channel focused on youth and society.

Keywords*:* ARMIA.KZ, image of the Armed Forces, interdisciplinary application, digital service, public trust, military service, information and communication work, youth, feedback, artificial intelligence.

Кіріспе.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің имиджін нығайту қазіргі жағдайда тек бұқаралық ақпарат құралдарында жағымды хабар тарату немесе әскери-патриоттық мазмұнды көбейту міндетімен шектелмейді. Армияның қоғамдық

қабылдануы азаматтардың нақты ақпаратқа қол жеткізуімен, әскери қызметтің мәнін түсінуімен, әскери ұйымның ашықтығымен, отбасылардың сұрақтарына уақтылы жауап берілуімен және жастардың әскери қызметті әлеуметтік маңызды институт ретінде қабылдауымен байланысты. Осы тұрғыдан цифрлық коммуникация әскери басқару жүйесінің қосымша құралы ғана емес, қоғаммен сенімді байланыс орнатудың дербес тетігіне айналып отыр.

Әскери қызмет туралы қоғамдық пікір ақпараттық ортада қалыптасады. Жастар, ата-аналар, әскери қызметшілердің отбасы мүшелері және азаматтық қоғам өкілдері әскери қызметке қатысты ақпаратты көбіне интернеттен, әлеуметтік желілерден, жаңалықтық порталдардан және іздеу жүйелерінен алады. Егер ресми, түсінікті және тұрақты жаңартылатын дереккөз жеткіліксіз болса, ақпараттық кеңістікте қауесет, фрагментарлық түсіндірулер, эмоционалды пікірлер және тексерілмеген мәліметтер басым болуы мүмкін. Бұл жағдай армияның беделіне әсер етеді және әскери қызметтің тартымдылығын төмендетуі ықтимал.

Осы мәселені шешу үшін гранттық қаржыландыру жобасы шеңберінде ARMIA.KZ ақпараттық-имидждік сервисін әзірлеу көзделген. Жоба материалдарында сервис мобильді қосымша мен веб-сайттан тұратын, жасанды интеллект элементтері бар, әскери қызметті насихаттауға және Қарулы Күштердің имиджін нығайтуға бағытталған цифрлық өнім ретінде сипатталады [1]. Техникалық материалдарда ARMIA.KZ кең аудиторияға, оның ішінде қоғамға, әскерге шақырылушыларға және әскери қызметшілерге арналған ақпараттық веб-портал ретінде айқындалады. Онда жаңалықтар, талдамалық материалдар, кеңестер, әскери қызмет мәселелері бойынша сұрақтарға жауаптар және имидждік мазмұн қамтылуы тиіс [2].

Тақырыптың өзектілігі үш жағдаймен айқындалады. Біріншіден, Қазақстанда әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қарулы Күштерді дамыту ұлттық саясаттың маңызды бағыты болып қала береді [3; 4]. Екіншіден, Мемлекет басшысы армиядағы заң мен тәртіптің, сондай-ақ сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігінің ерекше маңызын атап өткен [5]. Үшіншіден, әскери қызметтің беделі көбіне азаматтардың армия туралы күнделікті ақпараттық тәжірибесіне, ресми коммуникацияның жеделдігіне және мемлекеттік органдардың қоғамды тыңдау қабілетіне тәуелді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ARMIA.KZ сервисін жекелеген ақпараттық сайт ретінде емес, Қарулы Күштердің имиджін қалыптастыруға әсер ететін, әскери-педагогикалық, әлеуметтік-мәдени, ақпараттық-коммуникациялық және басқарушылық аспектілерді біріктіретін пәнаралық цифрлық коммуникациялық жүйе ретінде қарастыруда жатыр. Мұндай жүйе ақпарат беру, консультация ұсыну, кері байланыс жинау, қоғамдық сұранысты талдау, ресми дереккөздердің беделін

күшейту және әскери-патриоттық мазмұнды мақсатты аудиторияға жеткізу функцияларын біріктіреді.

Зерттеудің мақсаты – Қарулы Күштер имиджін нығайтуда ARMIA.KZ цифрлық сервисін пәнаралық қолданудың ғылыми-әдістемелік негізін айқындау және оны практикалық іске асырудың негізгі шарттарын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: ARMIA.KZ сервисінің имидждік мәнін ашу; оның негізгі функционалдық компоненттерін жүйелеу; веб-аналитиканың бастапқы деректері негізінде сервистің коммуникациялық әлеуетін бағалау; цифрлық сервисті әскери-имидждік саясатқа енгізудің ұйымдастырушылық шарттарын ұсыну.

Зерттеудің негізгі сұрағы келесідей тұжырымдалды: ARMIA.KZ қандай функционалдық және ұйымдастырушылық жағдайда Қарулы Күштердің имиджін нығайтудың тиімді пәнаралық цифрлық құралы бола алады?

Материалдар мен әдістер.

Зерттеудің материалдық базасын Қазақстан Республикасының әскери қызмет, қорғаныс және Қарулы Күштерді дамыту мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілері, гранттық жоба материалдары, ARMIA.KZ сервисіне қатысты техникалық сипаттама, жобаны мониторингтеу актілері, сондай-ақ әскери қызмет қауіпсіздігі, Қарулы Күштердің имиджі, әскери-педагогикалық қамтамасыз ету және цифрландыру мәселелері бойынша ғылыми жарияланымдар құрады. Жұмыста пайдаланылған жобалық материалдар ARMIA.KZ сервисінің идеялық негізін, функционалдық құрылымын, іске асыру кезеңдерін және алғашқы өлшемдік нәтижелерін сипаттауға мүмкіндік берді.

Әдіснамалық негіз ретінде жүйелік, әлеуметтік-мәдени, қызметтік және цифрлық-аналитикалық тәсілдер қолданылды, бұл зерттеуге пәнаралық сипат береді. Жүйелік тәсіл ARMIA.KZ сервисін өзара байланысты элементтерден тұратын тұтас имидждік инфрақұрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Әлеуметтік-мәдени тәсіл армия мен қоғам арасындағы сенім, жастардың құндылықтық бағдары, әскери қызметтің қоғамдық беделі және азаматтық институттармен байланыс мәселелерін ашуға бағытталды. Қызметтік тәсіл цифрлық сервисті нақты субъектілердің іс-әрекеті арқылы талдауға негіз болды: контент дайындау, тексеру, жариялау, кеңес беру, сұрақтарға жауап беру, деректерді жинау және шешім қабылдау.

Цифрлық-аналитикалық тәсіл іздеу жүйелеріндегі көрсеткіштерді, аудитория құрылымын, құрылғылар бойынша кіру үлесін және пайдаланушылардың географиялық белгілерін талдауға пайдаланылды. Бұл тәсіл имидждік жұмысты тек сапалық сипаттамалар арқылы емес, өлшенетін индикаторлар арқылы бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеуде талдау, синтез, салыстыру, құрылымдау, модельдеу,

интерпретация, құжаттық талдау және бастапқы веб-аналитикалық деректерді есептеу әдістері қолданылды.

Сандық деректерді өңдеуде қарапайым сипаттамалық көрсеткіштер пайдаланылды. Атап айтқанда, кликтердің құрылғылар бойынша үлесі, Қазақстаннан келген кликтердің жалпы кликтерге қатынасы және CTR көрсеткіші есептелді. Есептеулер жобалық мониторинг материалдарында берілген бастапқы деректерге сүйенді: 44 639 клик, 686 832 көрсетілім, жиынтық CTR 6,50 %, орташа позиция 8,15, мобильді құрылғылардан 39 806 клик, дербес компьютерлерден 4 705 клик, планшеттерден 128 клик және Қазақстан Республикасынан 42 718 клик [6].

Зерттеу шектеулері де ескерілді. Берілген веб-аналитикалық көрсеткіштер ARMIA.KZ сервисінің қоғамдық сенімге тікелей әсерін толық өлшемейді. Олар сервистің цифрлық көрінуін, аудиторияға жету әлеуетін және пайдаланушылардың бастапқы қызығушылығын сипаттайды. Сондықтан алынған нәтижелерді қоғамдық пікірдің түпкілікті социологиялық өлшемі ретінде емес, имидждік коммуникацияның бастапқы цифрлық индикаторлары ретінде түсіндіру қажет.

Нәтижелер.

ARMIA.KZ сервисінің имидждік мәнін ашу үшін алдымен армия имиджінің қазіргі мазмұнын нақтылау қажет. Қарулы Күштердің имиджі азаматтардың армия туралы тұрақты түсініктері, бағалары, эмоциялық қатынастары және сенім деңгейі арқылы қалыптасады. Ол әскери ұйымның нақты қызметімен, әскери қызметтің әлеуметтік маңызымен, мемлекеттік саясаттың ашықтығымен және ресми коммуникацияның сапасымен байланысты. Бұрын жарияланған зерттеулерде қауіпсіздік пен имидж өзара тәуелді категориялар ретінде қарастырылып, әскери қызметтің беделі қоғамның әскери ұйымға деген сенімімен тікелей байланыста екені көрсетілген [7].

ARMIA.KZ осы байланыста цифрлық делдалдық қызмет атқарады. Ол армия туралы ресми және түсінікті ақпаратты қоғамға жеткізеді, әскери қызметке қатысты жиі қойылатын сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді, жастар аудиториясына бейімделген мазмұн қалыптастырады, отбасылар мен азаматтар үшін кері байланыс арнасын ұсынады және әскери қызметтің қоғамдық құндылығын түсіндіруге жағдай жасайды. Мұндай сервис имиджді сыртқы жарнама арқылы ғана емес, азаматтардың нақты ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы нығайтады.

Жоба материалдары ARMIA.KZ сервисін Android және iOS платформаларына бағытталған мобильді қосымша мен веб-сайтты қамтитын ақпараттық-имидждік шешім ретінде сипаттайды [1, 9 б.]. Техникалық сипаттамада сервистің екітілді интерфейс, бейімделетін дизайн, бірыңғай бэкенд, болашақ мобильді қосымшаларға арналған API, пайдаланушылардың рөлдік жүйесі, контентті басқару және жасанды

интеллект негізіндегі іздеу мен чат-кеңесші сияқты функциялары көрсетілген [2, 1 б.]. Бұл белгілер сервисті қарапайым ақпараттық ресурс деңгейінен шығарып, оны басқарылатын цифрлық платформа ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесінде ARMIA.KZ сервисінің Қарулы Күштер имиджін нығайтуға әсер ететін бес негізгі компоненті анықталды. Олар 1-кестеде берілді.

Кесте 1 – ARMIA.KZ сервисінің имидж қалыптастырушы функционалдық компоненттері

Компонент	Мазмұны	Имидждік әсері
Ақпараттық компонент	Жаңалықтар, талдамалық материалдар, әскери қызмет туралы түсіндірмелер, анықтамалық бөлімдер	Ресми ақпараттың қолжетімділігін арттырады және ақпараттық вакуумды азайтады
Консультациялық компонент	Сұрақ-жауап бөлімі, іздеу жүйесі, жасанды интеллект негізіндегі чат-кеңесші	Азаматтардың нақты сұрақтарына жедел жауап беріп, сенім деңгейін күшейтеді
Кері байланыс компоненті	Өтініштер нысандары, тақырыптық сауалнамалар, аудитория сұраныстарын жинау	Қоғамның сұранысын ескеруге және «тыңдайтын мемлекет» қағидатын іске асыруға мүмкіндік береді
Редакциялық-модерациялық компонент	Контентті тексеру, модерация, дереккөздерді верификациялау, рөлдер мен қолжетімділікті бөлу	Ресми хабарламалардың дәлдігін, жауапкершілігін және этикалық сапасын қамтамасыз етеді
Аналитикалық компонент	Іздеу көрсеткіштері, аудитория құрылымы, тақырыптық қызығушылық, мобильді пайдалану үлесі	Имидждік жұмысты деректерге сүйене отырып жоспарлауға және түзетуге жағдай жасайды

Бірінші компонент армия туралы ақпараттың жүйелілігін қамтамасыз етеді. Әскери қызметке қатысты мазмұн әртүрлі ведомстволық сайттарда, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде шашыраңқы орналасқан

жағдайда пайдаланушыға қажетті мәліметті табу қиын болуы мүмкін. ARMIA.KZ бірыңғай тақырыптық портал ретінде осы фрагментарлықты азайтады және ақпаратты түсінікті құрылымға келтіреді.

Екінші компонент азаматтарға консультациялық қолдау көрсетуге бағытталады. Әскерге шақыру, әскери билет алу, жарамдылық санаттары, әлеуметтік қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдері, әскери бөлімдер туралы ақпарат және басқа да практикалық сұрақтар азаматтар үшін жоғары мәнге ие. Егер пайдаланушы нақты сұрағына ресми әрі түсінікті жауап алса, оның армияға қатысты бағасы формалды хабарламаларға емес, нақты пайдалы тәжірибеге сүйенеді.

Үшінші компонент – кері байланыс. Ол имидждік саясаттың біржақты хабар тарату логикасынан диалогтық модельге өтуін білдіреді. Қоғамдық сенім ресми органның ақпарат беруімен ғана емес, азаматтардың сұрағын қабылдау, талдау және оған жауап беру қабілетімен де байланысты. Сондықтан кері байланыс нысандары мен тақырыптық сауалнамалар ARMIA.KZ сервисінің имидждік әлеуетін күшейтеді.

Төртінші компонент редакциялық-модерациялық контурмен байланысты. Әскери саладағы ақпарат жоғары дәлдік пен жауапкершілікті талап етеді. Қате немесе толық емес мәлімет имиджге зиян келтіруі мүмкін. Осы себептен контенттің верификациясы, дереккөздерді тексеру, рөлдер мен қолжетімділікті бөлу, сондай-ақ «адам бақылауда» қағидаты сервистің сенімділігін арттырады.

Бесінші компонент сервисті деректерге негізделген басқару құралына айналдырады. Веб-аналитика қандай тақырыптар қоғам үшін өзекті екенін, қандай құрылғылар арқылы пайдаланушылар көбірек кіретінін, қандай географиялық сегмент басым екенін және іздеу жүйелеріндегі көріну деңгейін көрсетеді. Бұл деректер имидждік жұмыстың интуитивті емес, өлшенетін негізде жүргізілуіне мүмкіндік береді.

Жобалық мониторинг материалдарындағы бастапқы веб-аналитика ARMIA.KZ сервисінің аудиторияға жету әлеуеті бар екенін көрсетеді. 2025 жылғы 1 қаңтардан 31 қазанға дейінгі кезеңде 44 639 клик және 686 832 көрсетілім тіркелген. Жиынтық CTR 6,50 %, орташа позиция шамамен 8,15 болған. Құрылғылар бойынша мобильді кіру айқын басым: мобильді құрылғылардан 39 806 клик, дербес компьютерлерден 4 705 клик, планшеттерден 128 клик тіркелген. Қазақстаннан келген кликтер саны 42 718 болды [6, 8 б.]. Осы көрсеткіштер негізінде есептелген үлестер 2-кестеде ұсынылды.

Кесте 2 – ARMIA.KZ сервисінің бастапқы веб-аналитикалық көрсеткіштері (01.01–31.10.2025)

Көрсеткіш	Бастапқы мән	Есептелген үлес немесе түсіндірме
Көрсетілімдер саны	686 832	Іздеу жүйелерінде сервистің көріну көлемін сипаттайды
Кликтер саны	44 639	Пайдаланушылардың сервиске нақты өту санын көрсетеді
CTR	6,50 %	44 639 / 686 832 × 100 = 6,50 %
Орташа позиция	8,15	Іздеу нәтижелеріндегі орташа орын
Мобильді құрылғылардан кликтер	39 806	Жалпы кликтердің 89,17 %-ы
Дербес компьютерлерден кликтер	4 705	Жалпы кликтердің 10,54 %-ы
Планшеттерден кликтер	128	Жалпы кликтердің 0,29 %-ы
Қазақстаннан келген кликтер	42 718	Жалпы кликтердің 95,70 %-ы

2-кестедегі деректер екі маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, ARMIA.KZ аудиториясының негізгі бөлігі мобильді құрылғылар арқылы келеді. Бұл жағдай сервисті әзірлеуде мобильді UX, қысқа әрі түсінікті мәтіндер, жылдам жүктелетін беттер, бейімделетін интерфейс және әлеуметтік желілермен байланыстыру басым болуы тиіс екенін көрсетеді. Екіншіден, Қазақстаннан келген кликтердің үлесі өте жоғары. Бұл сервис аудиториясының ішкі ұлттық ақпараттық сұраныспен байланысты екенін көрсетеді және оны Қарулы Күштердің ішкі қоғамдық имиджін нығайту құралы ретінде дамыту қажеттігін негіздейді.

Жоғарыда келтірілген сандық деректер қоғамдық сенімнің толық өлшемі болып табылмайды. Дегенмен олар сервиске деген бастапқы қызығушылықты, іздеу жүйелеріндегі көріну деңгейін және мобильді арна арқылы жеткізу мүмкіндігін сипаттайды. Имидждік саясат үшін бұл көрсеткіштер маңызды, себебі қазіргі азамат ресми ақпаратқа ең алдымен цифрлық орта арқылы қол жеткізеді.

ARMIA.KZ сервисін Қарулы Күштердің имиджін нығайтуда пәнаралық қолдануды бағалаудың ұсынылатын көрсеткіштері үш топқа біріктірілуі мүмкін. Бірінші топ – қолжетімділік көрсеткіштері: көрсетілімдер, кликтер, CTR, іздеу позициясы,

мобильді кіру үлесі, географиялық қамту. Екінші топ – мазмұн сапасының көрсеткіштері: материалдардың жаңартылу жиілігі, верификацияланған дереккөздер үлесі, екі тілдегі контенттің толықтығы, сұрақтарға жауап беру уақыты. Үшінші топ – сенім және кері байланыс көрсеткіштері: пайдаланушы сұрақтарының тақырыптық құрылымы, қанағаттану деңгейі, қайталанатын проблемалардың үлесі, жастар мен ата-аналар аудиториясының белсенділігі.

Осылайша, ARMIA.KZ сервисінің нәтижесі тек қаралым саны арқылы бағаланбауы керек. Оның тиімділігі ресми ақпараттың қолжетімділігімен, азаматтардың сұрақтарына нақты жауап беруімен, кері байланыс сапасымен, қоғамдағы проблемалық тақырыптарды ерте анықтауымен және Қарулы Күштер туралы тұрақты әрі дәл ақпараттық орта қалыптастыруымен өлшенуі тиіс.

Талқылау.

ARMIA.KZ сервисінің негізгі артықшылығы оның әскери-имидждік жұмысты жүйелендірілген және өлшенетін форматқа көшіруінде. Дәстүрлі ақпараттық жұмыс көбіне дайын материалды жариялау, ресми хабарлама тарату немесе жекелеген іс-шараларды көрсету арқылы іске асады. Мұндай жұмыс маңызды болғанымен, ол аудиторияның нақты сұрағын, ақпаратты іздеу логикасын және азаматтардың қандай тақырыптарға жиі жүгінетінін толық ашып бере алмайды. Цифрлық сервис осы олқылықты азайтады, себебі пайдаланушы әрекеті дерек түрінде тіркеледі және талдауға мүмкіндік береді.

Жоба материалдарында ARMIA.KZ сервистік модель ретінде сипатталады: ол ақпарат беріп қана қоймай, консультация, кері байланыс және аналитика функцияларын атқаруы тиіс [1, 6 б.; 6, 10 б.]. Бұл тәсіл Қарулы Күштердің имиджін қалыптастыруда маңызды өзгерісті білдіреді. Имидж бұдан былай тек сыртқы ақпараттық безендірудің нәтижесі ретінде қарастырылмайды. Ол армияның азаматпен нақты өзара іс-қимылының сапасы арқылы қалыптасатын әлеуметтік нәтиже ретінде көрінеді.

Сервистің имидждік әлеуеті бірнеше аудиторияға бағытталған кезде артады. Әскерге шақырылатын жастар үшін ARMIA.KZ әскери қызметтің талаптары, мүмкіндіктері және әлеуметтік мәні туралы түсінікті ақпарат көзі болуы тиіс. Ата-аналар үшін ол қауіпсіздік, тұрмыс, байланыс, денсаулық, құқықтық және әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша сенімді анықтамалық қызмет атқара алады. Әскери қызметшілер үшін сервис әлеуметтік кепілдіктер, тұрғын үй, кәсіби өсу, құқықтық ақпарат және кері байланыс арнасы ретінде маңызды. Қоғам мен БАҚ үшін ARMIA.KZ ресми түсіндірулер мен имидждік материалдардың тұрақты дереккөзі бола алады.

Талқылау барысында цифрлық сервистің ықтимал тәуекелдерін де ескеру қажет. Бірінші тәуекел – ақпараттың ескіруі. Әскери қызмет, әлеуметтік кепілдіктер,

шақыру тәртібі және ведомстволық рәсімдер бойынша мәліметтер уақытылы жаңартылмаса, сервис сенім құралы емес, керісінше ақпараттық қателік көзіне айналуы мүмкін. Екінші тәуекел – жауаптардың формалдылығы. Егер сервис азаматтардың нақты жағдайына жақын, түсінікті әрі практикалық жауап бермесе, оның имидждік әсері төмендейді. Үшінші тәуекел – дербес деректер мен ақпараттық қауіпсіздік. Кері байланыс нысандары, тіркелу, сұрақ қою және пайдаланушы талдауы ақпараттық қауіпсіздік талаптарымен үйлесуі тиіс.

Осы тәуекелдерді төмендету үшін ARMIA.KZ сервисін басқарудың редакциялық және аналитикалық регламентін енгізу қажет. Контентті жаңарту мерзімдері, жауапты тұлғалар, дереккөздерді тексеру тәртібі, күрделі сұрақтарды профильді құрылымдарға жолдау алгоритмі және қате ақпаратты түзету рәсімі алдын ала белгіленуі керек. Әдістемелік ұсыныстарда Стратегияны іске асыру кезінде жоспарлау, ұйымдастыру, орындау, бақылау, бағалау және түзету кезеңдерін қамтитын бірыңғай басқару циклі көзделеді [8]. Осы цикл ARMIA.KZ сервисінің жұмысын ұйымдастыруға да қолданылуы мүмкін.

Сервисті дамытуда жасанды интеллект модулінің рөлі ерекше. Техникалық сипаттамада ИИ-іздеу және чат-кеңесші пайдаланушылардың қазақ және орыс тілдеріндегі сұрауларын талдап, релевантты материалдар ұсынуы және сұрақтарға чат-бот форматында жауап беруі тиіс екені көрсетілген [2, 3 б.]. Бұл функция имидждік жұмыстың жеделдігін арттыра алады. Алайда жасанды интеллект ресми позицияны алмастырмауы керек. Ол тек верификацияланған материалдарға сүйенетін анықтамалық көмекші болуы тиіс. Күрделі, құқықтық немесе сезімтал мәселелерде жауап адам модераторы немесе тиісті лауазымды тұлға арқылы нақтылануы қажет.

ARMIA.KZ-дің тағы бір маңызды бағыты – жастар аудиториясымен жұмыс. Жастар үшін ақпараттың қысқа, визуалды, мобильді және интерактивті болуы маңызды. Сондықтан сервистің контенттік саясаты тек ресми хабарламалармен шектелмеуі керек. Онда әскери қызметтің күнделікті өмірі, кәсіби мүмкіндіктер, әскери оқу орындары, әлеуметтік қолдау, әскери-патриоттық іс-шаралар, нақты әскери мамандықтар және табысты қызметтік тәжірибелер туралы мазмұн жүйелі берілуі тиіс. Мұндай мазмұн әскери қызметті мәжбүрлі міндет ретінде ғана емес, азаматтық жауапкершілік пен кәсіби даму кеңістігі ретінде танытуға ықпал етеді.

Дорожная картада Қарулы Күштердің имиджін нығайтуға бағытталған ақпараттық-имидждік жұмысты жаңғырту, азаматтық қоғаммен және БАҚ-пен өзара іс-қимыл тетіктерін дамыту, ARMIA.KZ сервисін кеңейту және әскери қызмет туралы түсіндіру жұмысын тұрақты жүргізу сияқты бағыттар көзделген [9]. Бұл ARMIA.KZ-ді жеке цифрлық жоба емес, стратегиялық имидждік саясаттың инфрақұрылымдық

элементі ретінде қарастыруға негіз береді.

Практикалық тұрғыдан ARMIA.KZ сервисінің тиімділігі төрт ұйымдастырушылық шартқа тәуелді. Біріншісі – ведомствоаралық және ішкі құрылымдық үйлестіру. Сервиске берілетін ақпарат құқықтық, әлеуметтік, медициналық, тәрбиелік, кадрлық және ақпараттық құрылымдармен келісілген болуы тиіс. Екіншісі – тұрақты контент-менеджмент. Материалдар жаңартылмаса, пайдаланушы сенімі төмендейді. Үшіншісі – деректерге негізделген талдау. Веб-аналитика, іздеу сұраныстары және кері байланыс нәтижелері басқарушылық шешімдерге енгізілуі қажет. Төртіншісі – қоғамдық диалог. Сервис азаматтарды тыңдау, жауап беру және түсіндіру алаңы ретінде жұмыс істеген жағдайда ғана оның имидждік әлеуеті толық ашылады.

Зерттеу нәтижелері ARMIA.KZ сервисін Қарулы Күштердің имиджін нығайтудың үш деңгейлі пәнаралық цифрлық құралы ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Бірінші деңгей – ақпараттық қолжетімділік: азамат ресми деректерді тез және түсінікті түрде алады. Екінші деңгей – коммуникациялық сенім: азамат сұрақ қойып, жауап ала алады. Үшінші деңгей – басқарушылық аналитика: әскери басқару органдары қоғамдағы сұранысты, проблемалық тақырыптарды және имидждік тәуекелдерді деректер негізінде көре алады. Осы үш деңгей біріккен кезде цифрлық сервис армия мен қоғам арасындағы сенімді қатынастың нақты тетігіне айналады.

Қорытынды.

Жүргізілген зерттеу Қарулы Күштердің имиджін нығайтуда ARMIA.KZ цифрлық сервисін пәнаралық қолдану маңызды ғылыми-қолданбалы бағыт екенін көрсетеді. Оның әлеуеті ресми ақпаратты жүйелеумен ғана шектелмейді. Сервис азаматтарға консультациялық көмек көрсету, кері байланыс жинау, аудитория сұранысын талдау және жастарға әскери қызметтің әлеуметтік мәнін түсіндіру арқылы имидждік саясаттың жаңа цифрлық форматын қалыптастырады.

ARMIA.KZ сервисінің имидж қалыптастырушы моделі бес компоненттен тұрады: ақпараттық, консультациялық, кері байланыс, редакциялық-модерациялық және аналитикалық компоненттер. Олардың өзара байланысы армия туралы ресми мәліметтің қолжетімділігін арттыруға, азаматтардың сенімін күшейтуге, ақпараттық вакуумды азайтуға және әскери қызметтің тартымдылығын түсіндіруге бағытталған.

Бастапқы веб-аналитикалық деректер сервистің мобильді аудиторияға бағытталғанын дәлелдейді: талданған кезеңдегі кликтердің 89,17 %-ы мобильді құрылғылардан, 95,70 %-ы Қазақстаннан келген. Бұл ARMIA.KZ-ді жастармен, ата-аналармен және азаматтық қоғаммен жұмыс істеудің ұлттық цифрлық арнасы ретінде дамыту қажеттігін көрсетеді.

Алдағы зерттеулерде сервистің нақты имидждік әсерін әлеуметтік сауалнамалармен, пайдаланушылардың қанағаттану көрсеткіштерімен, қайталанатын сұрақтар құрылымымен және қоғамдық пікір динамикасымен салыстыра талдау қажет. Практикалық тұрғыдан ARMIA.KZ-ді тұрақты редакциялық сүйемелдеу, дереккөздерді верификациялау, жасанды интеллект жауаптарын адам бақылауымен үйлестіру және веб-аналитика нәтижелерін басқарушылық шешімдерге енгізу ұсынылады.

Алғыс.

Ғылыми мақала 2025-2027 жылдарға арналған «Қазақстан қоғамындағы халықаралық және өңірлік қауіпсіздік тәуекелдері мен қатерлерін ескере отырып, әскери қызмет қауіпсіздігі стратегиясының теориялық-әдіснамалық негіздері және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың имиджін нығайту» атты гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде жарияланды, ИРН AP261026/0224 (зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылады).

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. «Халықаралық және өңірлік қауіпсіздік тәуекелдері мен қатерлерін ескере отырып, қазақстандық қоғамда әскери қызмет қауіпсіздігі стратегиясы мен Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың имиджін нығайтудың теориялық-әдіснамалық негіздері» тақырыбы бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға арналған өтінім, ИРН AP261026/0224. - Астана: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, 2025. – 93 б.
2. Техникалық сипаттама: ARMIA.KZ ақпараттық-имидждік сервисін әзірлеуге арналған, 2025 жылғы 17 қарашадағы № 25/11-10 шартқа 2-қосымша. - Астана: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, 2025. – 3 б.
3. Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы / Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV ҚРЗ Заңы. - Астана, 2012. – 101 б.
4. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 554 Жарлығы. - Астана, 2017. – 26 б.
5. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауы, 2024 жылғы 2 қыркүйек [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-285014 [Жүгінген күні: 08.09.2026].

6. «Халықаралық және өңірлік қауіпсіздік тәуекелдері мен қатерлерін ескере отырып, қазақстандық қоғамда әскери қызмет қауіпсіздігі стратегиясы мен Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың имиджін нығайтудың теориялық-әдіснамалық негіздері» ИРН AP261026/0224 гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру барысына мониторинг жүргізу актісі. - Астана: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, 2026. – 26 б.
7. Бурнаев З.Р., Искаков Е.М., Жексенбинов Б.Н., Калышев А.Т. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызмет қауіпсіздігі мен имиджін нығайтуды зерттеудің өзектілігі туралы // Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының «Вестник» ғылыми-ақпараттық журналы. - 2025. - № 3 (63). – Б. 49-58.
8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет қауіпсіздігі мен имиджін нығайту стратегиясын енгізу және практикалық іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, 2026. – 7 б.
9. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет қауіпсіздігі мен имиджін нығайту стратегиясын іске асырудың «Жол картасы». - Астана: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, 2026. – 9 б.

REFERENCES:

1. Application for participation in the competition for grant financing of scientific and/or scientific-technical projects on the topic “Theoretical and methodological foundations of the strategy for military service safety and strengthening the image of the Armed Forces, other troops and military formations in Kazakhstani society, taking into account risks and threats to international and regional security”, IRN AR261026/0224. - Astana: National Defence University of the Republic of Kazakhstan, 2025. – 93 p.
2. Technical Specification for the Development of the ARMIA.KZ Information and Image-Building Service: Appendix 2 to Contract No. 25/11-10 dated November 17, 2025. - Astana: National Defence University of the Republic of Kazakhstan, 2025. – 3 p.
3. On Military Service and the Status of Servicemen / Law of the Republic of Kazakhstan dated February 16, 2012 No. 561-IV LRK. - Astana, 2012. – 101 p.
4. On Approval of the Military Doctrine of the Republic of Kazakhstan / Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated September 29, 2017 No. 554. - Astana, 2017. – 26 p.
5. Address of the Head of State K.K. Tokayev to the people of Kazakhstan “Just Kazakhstan: Law and Order, Economic Growth, Public Optimism” dated September 2, 2024 [Electronic resource]. - Available at: https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-

gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-285014 [Accessed: 08.09.2026].

6. Monitoring report on the implementation of the grant-funded scientific project IRN AR261026/0224 “Theoretical and methodological foundations of the strategy for military service safety and strengthening the image of the Armed Forces, other troops and military formations in Kazakhstani society, taking into account risks and threats to international and regional security”. - Astana: National Defence University of the Republic of Kazakhstan, 2026. – 26 p.
7. Burnayev Z.R., Iskakov Y.M., Zhexenbinov B.N., Kalyshev A.T. On the relevance of studying military service safety and strengthening the image of the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan // Scientific and Informational Journal “Bulletin of the Sagadat Nurmagambetov Military Institute of Land Forces”. - 2025. - No. 3 (63). – P. 49-58.
8. Methodological recommendations for the implementation and practical execution of the Strategy for military service safety and strengthening the image of the Armed Forces, other troops and military formations of the Republic of Kazakhstan. - Astana: National Defence University of the Republic of Kazakhstan, 2026. – 7 p.
9. “Roadmap” for the implementation of the Strategy for military service safety and strengthening the image of the Armed Forces, other troops and military formations of the Republic of Kazakhstan. - Astana: National Defence University of the Republic of Kazakhstan, 2026. – 9 p.

Баспаға 30.09.2026 ж. 60х84/8 форматында қол қойылды
Офсеттік басып шығару. Офсеттік қағаз. Шығыс. Л. 11 б.п.
Таралымы 500 дана
Баспахананың мекен-жайы: 150000, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Бостандық көшесі, 51
«Неотехнология және қауіпсіздік ғылыми-зерттеу институты» ЖМ

Подписано в печать 30.09.2026 г. Формат 60х84/8
Печать офсетная. Бумага офсетная. Уч.-изд. Л. 11 п.л.
Тираж 500 экз.
Адрес типографии: 150000, Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область, г. Петропавловск, ул. Бостандыкская, 51
ЧУ «Научно-исследовательский институт Неотехнологий и безопасности»

Signed for printing in 30.09.2026. Format 60x84/8
Offset printing. Offset paper. Academic edition L. 11 p.p.
Circulation 500 copies
Printing house address: 150000, Republic of Kazakhstan, North Kazakhstan region, Petropavlovsk, st. Bostandyk, 51
PI «Research Institute of Neotechnology and Safety»